

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ

Мамандық: 009130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілік: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай

Циклдер және пәндердің индексі: АП 20

Курс: 3

Семестр: 6

Пән: «Функционалды мүмкіндіктерін жақсарту»

Бақылау түрі: емтихан

Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредит КЗ: 72/3

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «O'ntustik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	32 беттің 2 беті

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық «Функционалды мүмкіндіктерін жақсарту» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылып, кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  Серикова Б.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 3 беті

1-сабақ

1. Тақырыбы: Кіріспе. Функционалдық қабілеттер. Функционалдық қабілеттерін қолдау әдістері.

2.Мақсаты: Науқастардың күнделікті өмірдегі негізгі функционалдық қабілеттерін қолдау және дамыту арқылы олардың өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру.

3. Студент білуі тиіс:

- Функционалдық қабілеттердің мәнін.
- Қолдау әдістерін.
- Науқастардың қажеттіліктерін бағалауды.
- Мотивация және қолдау көрсетуді.
- Студент функционалдық қабілеттерді қолдау әдістерін.

Студент істей білуі тиіс:

- Физикалық терапия (жаттығулар, қозғалыс қабілетін дамыту).
- Оқу-дамыту жаттығулары (танымдық қабілеттерді арттыру).
- Әлеуметтік қолдау (коммуникациялық дағдыларды дамыту) әдістерін білуі тиіс.
- Студент әр адамның функционалдық деңгейін бағалау, олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтау әдістерін меңгеруі қажет.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Функционалдық қабілеттер дегеніміз нет?
2. Функционалдық қабілеттерді қалай бағалауға болады?
3. Қолдау және дамыту әдістерінің қандай түрлері бар?
4. Әр адамның жеке жоспар құрудың махызы неде?
5. Мотивация функционалдық қабілеттерді дамытуда қалай көмектеседі?
6. Қауіпсіздік шаралары қандай болуы тиіс?
7. Функционалдық қабілеттерді қолдауда маманның рөлі қандай?
8. Қызмет алушының қабілеттерін қалай дұрыс бағалау қажет?
9. Қолдау нәтижелілігін қалай өлшеуге болады?
10. Оңалтудың психологиялық аспектісі қандай?

Психологиялық қолдаудың бұл процестегі рөлі қандай?5.Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. **Әдебиеттер:**Соңғы бетті қараңыз.
7. **Оқыту және оқыту әдістері:**

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:


1.Кардиология бөлімшесіне 45 жастағы науқас келіп түсті, диагнозы ІІ деңгейлі гипертониялық ауру.Бұл науқасқа арналған тамақтану кеңестерінің ... дұрыс.

А. №10 диета тағайындау, тұзды тағамдарды шектеу

В. №5 диета тағайындау, тәтті тағамдарды шектеу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		№72/11 () 32 беттің 4 беті

- С. №1 диета тағайындау, ашты тағамдарды шектеу
 D. №7 диета тағайындау, қуырылған тағамдарды шектеу
 E. №5 диета тағайындау, сұйықтық қабылдауды шектеу
2. Науқастың дене қызуы 37,1 0 С. Бұл лихорадканың ... түрі.
 A. субфебрилді
 B. фебрилді
 C. жоғары фебрилді
 D. гиперпиретикалық
 E. гектикалық
3. Науқас Б. 48 жаста асқазанның ойық жарасы, қабыну фазасы диагнозымен есепте тұрады. Шағымдары: эпигастрия аймағында қатты ауырсыну, тамақтанып болғаннан кейін 30-60 минуттан соң пайда болады, кекіру, іш қату, бір реттік құсу “кофе тәріздес” байқалды. Мейіргер науқасқа ... емдәм ұсына алады.
 A. №1а
 B. №5
 C. №1в
 D. №6
 E. №12
4. ЖКА кейін науқас қабылдау бөліміне жеткізілді. Ол психикалық жағдайда және қозғалысы тежелген, өзінде сөйлеу мүмкіндігі жоқ және барлық сезімталдық түрлері төмендетілді. Бұл ... жағдайы.
 A. мелшейіп қатып қалу (ступор)
 B. кома
 C. апатия
 D. эмоциональды құбылмалылық
 E. маскүнемдік психоз
5. Қан қысымы көтерілген науқасқа ... ұсынылады.
 A. тұзды пайдалануды шектеу
 B. сұйықтықты пайдалануды шектеу
 C. қандағы қант деңгейін бақылау
 D. көк шәй ішу
 E. таза ауада жүру
6. Тыныс алудың патологиялық түрі:
 A. Чейн-Стокс
 B. Симс
 C. Лэзек
 D. Флинт
 E. Бабинский
7. Демікпе:
 A. тыныс алудың өзгеруі
 B. тыныс алудың бәсеңдеуі
 C. тыңдалу кезінде шу
 D. крепитация
 E. апноэ
8. Физиологиялық демікпе ... дамиды:
 A. қызудың көтерілуінде
 B. тыныс алу ағзаларының ауруында
 C. қан айналым мүшелерінің ауруында

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	32 беттің 5 беті

D. артериялық қысым көтерілгенде
 E. көңіл күй күйзелісінде
 9. Куссмаул тыныс алу кезінде ... тыныс байқалады.

- A. шулы, терең
- B. шусыз, ритімді
- C. беткейлі, жиі
- D. ритімсіз, сирек
- E. везикулярлы, аралас

10. Пульс құрылымына кірмейді:

- A. асистолия
- B. жіп тәріздес
- C. ритімді
- D. жұмсақ
- E. қатаң

Ситуациялық есептер:

1. 45 жасар Қанат, жол-көлік апатынан кейін екі аяғының сынықтары мен жамбас сүйегінің жарақатынан ауыр травма алған. Ол ауруханаға түскен кезде аяқтарын қозғалта алмайтын, жүре алмайтын жағдайда.
2. Мейіргерлік диагнозды анықтау үшін науқастың қандай мәселесін білу керек?
3. Күтімді жоспарлауда қандай мәселелерді анықтап белгілейсіздер?

2- сабақ

1. Тақырып: Оңалту іс-шаралар жүргізу кезінде мейіргердің міндеті. Психологиялық оңалту мәселелері, оның түрлері мен әдістері.

2. Мақсаты: Оңалту кезінде мейіргер науқастың физикалық және психоэмоциональды жағдайын жақсарту. Психологиялық оңалту мәселелері, оның түрлері мен әдістерін жүзеге асыру.

3. Студент білуі тиіс:

- Оңалту іс-шараларының мәнін.
- Мейіргердің міндеттерін.
- Психологиялық оңалту түрлерін.
- Пациентті психоэмоциональды жағдайын бағалау.
- Оңалту іс-шараларының нәтижесін бағалау.
- Психологиялық оңалту мәселелері, оның түрлері мен әдістерін.

Студент істей білуі тиіс:

- Студент оңалту іс-шараларының негізгі мақсаты мен маңызын түсінуді қажет.
- Оңалту кезінде мейіргердің міндеті — пациенттің қажеттіліктерін анықтап, оған медициналық көмек көрсету.
- Студент психологиялық оңалтудың мәселелері мен мақсаттарын білуі керек.
- Студент оңалту іс-шараларының тиімділігін бағалау қажет.

4. Негізгі сұрақтар:

1. Оңалту іс-шараларының басты мақсаты мен міндеттері қандай?
2. Оңалту принциптері мен әдістері неге негізделеді және оларды қалай қолдануға болады?
3. Мейіргер науқастың жағдайын қалай дұрыс бағалайды?
4. Мейіргердің науқасқа психологиялық қолдау көрсету міндеті қалай жүзеге асады?
5. Әлеуметтік бейімделу және мейіргердің осы үдерістегі рөлі қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 6 беті

6. Оңалту жоспарын құру кезінде мейіргердің рөлі қандай?
7. Оңалту шараларын орындаудағы қауіпсіздік шаралары қандай?
8. Мейіргер науқастың туыстарына қандай ақпарат беруі тиіс?
9. Мейіргер оңалту үдерісінің нәтижелерін қалай бақылайды және бағалайды?
10. Оңалту іс-шараларын жүргізуде мейіргер мен басқа мамандардың өзара әрекеттесуі қандай рөл атқарады?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

7. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Пульс құрылымына кірмейді:.

- A. асистолия
- B. жіп тәріздес
- C. ритімді
- D. жұмсақ
- E. қатаң

2. Тыныс алудың түрлері:

- A. кеуделік, ішкі
- B. патологиялық, сирек
- C. физиологиялық, ішкі
- D. ішкі, жиі
- E. жоғары, аралас

3. Қан қысымының қысқа мерзімді көтерілуі ... болуы мүмкін.

- A. физикалық жүктеме кезінде
- B. тамақ ішкеннен соң
- C. ұйықтаған кезде
- D. қан жоғалту кезінде
- E. қызуы көтерілген кезде

4. Қалыпты жағдайдағы артериялық қан қысымы ... мм.рт.бағанасын көрсетеді.

- A. 120|80
- B. 80|40
- C. 180|110
- D. 140|90
- E. 150|100

5. Қан қысымын өлшеу алдында науқасқа ұсынылады:

- A. 5 минут көлемінде демалу
- B. 30 минут көлемінде демалу
- C. кофе ішу
- D. тұзды тамақты қолданбау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 7 беті

- Е. дәрілік заттарды қолданбау
6. Ауруханада дене қызуын өлшеу ... жүргізіледі.
- А. кешкі 16 және 18 сағат аралығында, азда 6 және 8 сағат аралығында
- В. кешкі ас алдын, азда таңғы астан соң
- С. науқас қалауы бойынша
- Д. кешкі ұйқы алдында, азда серуендеуден соң
- Е. жеңіл тамақтан соң, түскі үзіліс кезінде
7. Дене қызуына әсер етеді:
- А. ыстық бөлмеде болу
- В. тахикардия
- С. демікпе
- Д. гипертензия
- Е. гиподинамия
8. Қызбаның бірінші кезеңінде науқас шағымданады:
- А. қалтырау, бұлшықет ауырсынуына
- В. тердің көп бөлінуіне
- С. шөлдеу, ыстықты сезінуге
- Д. ауыз құрғауына
- Е. брадикардия, олигоурияға
9. Қызбаның екінші сатысында науқастың басым мәселесі:
- А. ауыздың құрғауы, бастың қатты ауырсынуы
- В. гипотензия, анурия
- С. тердің көп бөлінуі
- Д. брадикардия, қалтырау
- Е. тахикардия, гипертония
10. Артериалдық қысым 240/120 мм.сн.б, пульс 108 рет минутына, аритмия болғанда ... қажет.
- А. жатқызу, тыныштандыру, кезекші терапевтті шақыру
- В. терапевтке жіберу
- С. ЭКГ-ға жіберу
- Д. гипотензивті дәрі беріп, үйіне жіберу
- Е. науқасты үйіне жіберу
- Ситуациялық есептер:**
- Науқасты тексергенде жекелікті нақтылықтан қандай әдіс арқыры ажыратасыңдар? Айырмашылықтарын атап бер.
 - Мейіргерлік диагнозды анықтау үшін науқастың қандай мәселесін білу керек?
 - Күтімді жоспарлауда қандай мәселелерді анықтап белгілейсіздер?

3- сабақ

- 1. Тақырып:** Оңалту принциптері мен әдістері. Оңалту жоспары.
- 2. Мақсаты:** Науқасты оңалту принциптері мен әдістерінің мақсаты тәуелсіздігін арттыру, физикалық, психоэмоционалды және әлеуметтік жағдайын қалпына келтіру арқылы күнделікті қайта бейімделуін қамтамасыз ету.
- 3. Студент білуі тиіс:**
 - Оңалтудың мәні мен мақсатын.
 - Оңалту принциптерін.
 - Оңалту үдерісінің кезеңдерін.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 8 беті

- Әлеуметтік бейімделуін.
- Оңалту нәтижелерін бақылау және бағалау.

Студент істей білуі тиіс:

- Оңалту үдерісінің жалпы мағынасын және оның науқастың тәуелсіздігін қалпына келтірудегі рөлін түсіну.
- Оңалту принциптері мен әдістерін меңгеру.
- Науқастың қоғамға қайта бейімделуін.
- Оңалту нәтижелерін бағалау.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Оңалтудың негізгі мақсаты мен маңызы қандай?
2. Оңалту принциптері қандай және оларды қолдану қалай жүзеге асады?
3. Оңалтуда қолданылатын негізгі әдістер қандай?
4. Психологиялық оңалтудың маңыздылығы неде?
5. Оңалту кезеңдері қандай және олардың әрқайсысында қандай мақсаттар қойылады?
6. Науқастың жағдайын қалай дұрыс бағалау қажет?
7. Оңалту жоспарын қалай құру керек?
8. Әлеуметтік бейімделу шаралары қалай жүзеге асырылады?
9. Оңалту нәтижелерін қалай бақылап, бағалауға болады?
10. Оңалтуда мейіргердің рөлі қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

- 1.Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
- 2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
- 3.ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
- 4.Ситуациялық есептерді шешу.
- 5.Тақырып бойынша тестерді шешу.

6.Әдебиеттер:Соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

- 1.Науқастың белсенді қалпының сипаттамасы:
 - A. аурудың жеңіл ағымы
 - B. жалпы ауыр жағдайы
 - C. өз бетімен қозғалу мүмкіндігінің болмауы
 - D. айқын ауырсыну синдромы
 - E. ессіз жағдай
- 2.Науқас мәжбүрлік қалыпта ... болады.
 - A. бронхиальды демікпе ұстамасында
 - B. бронхит кезінде
 - C. гипертоникалық ауруда
 - D. пиелонефритте
 - E. қант диабетінде
- 3.Ступор жағдайы кезінде науқастың есі:
 - A. тежеулі, ұйқышыл
 - B. қоршаған ортаға адекватты реакциясы
 - C. өзіне арналған сөзге жауап бермейді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	№72/11 () 32 беттің 9 беті

- D. сыртқы тітіркендіргішті сезбейді
 E. кіші жамбас ағзаларының қызметін бақыламайды
4. Коматозды жағдайға тән:
 A. толық есін жоғалту
 B. ұйқышылық, тежеулі
 C. қоршаған ортаға қалыптаспауы
 D. «патологиялық ұйқы» жағдайы
 E. тітіркендіруге ауырсыну реакциясының сақталуы
5. Фаулер қалпы:
 A. кереуеттің бас бөлігінің бұрышы 45 -60 градуста
 B. кереуеттің бас бөлігі көлденең қалыпта
 C. науқастың басы жанына бұрылған
 D. науқас арқасымен жатады
 E. аралас қалыпта
6. Артериалық қан қысымының шынайы көрсеткішін бұрмалайтын факторлар:
 A. манжетке қайта-қайта ауаны үрлеу
 B. қан қысымын тамақ ішкеннен соң бірден өлшеу
 C. қан қысымын ұйықтар алдында өлшеу
 D. қан қысымын ұйқыдан ояғанда өлшеу
 E. қан қысымын дене қызуы көтерілгенде өлшеу
7. Гипертониялық ауруда қан қысымын төмендету үшін маңызды ұсыныстар:
 A. ас тұзын қабылдауды шектеу
 B. сұйықтық қабылдауды шектеу
 C. қандағы қанттың мөлшерін қадағалау
 D. таза ауада серуендеу
 E. айына 2 рет электрокардиограммаға түсу
8. Жедел қан-тамыр жеткіліксіздігі:
 A. коллапс
 B. гипертермия
 C. гиперрефлексия
 D. гипертония
 E. галлюцинация
9. Цианоз белгілері:
 A. еріннің, мұрын ұштарының көгеруі
 B. бетінің көгеруі
 C. көз айналасының ісінуі
 D. мойын терісінің көгеруі
 E. табан терісінің көгеруі
10. Науқасқа ұсынылатын қатаң төсектік тәртіп:
 A. төсек орнында науқастың бұрылуына болмайды
 B. бөлмеден шықпай жатуға, тұруға болады
 C. науқас төсекте белсенді және шектеусіз қимылдауы
 D. төсектен көтермей науқасты бұру
 E. аурухана аумағында серуендеу

Ситуациялық есептер:

1. 50 жастағы Нұрлан инсульттің нәтижесінде оң жақ дене жартысының парезі мен сөйлеу қиындықтарына ұшыраған. Ол қиындықтармен қозғалады және сөйлеуде түсініксіз сөйлеу белгілері байқалады. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 10 беті

2. 60 жастағы Ержан жүрек операциясынан кейінгі оңалту кезеңінде. Қазіргі уақытта оның жүрек қызметі тұрақталғанымен, физикалық белсенділігі төмен, ол еңтігу мен шаршаудан зардап шегеді. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

3. 55 жастағы Әлия жамбас сүйегін сындырған. Операциядан кейін оның қозғалыс белсенділігі қатты шектелген, ол төсекте жатуға мәжбүр. Дәрігердің нұсқауы бойынша алғашқы оңалту кезеңі басталды. Оның ауырсынуы орташа деңгейде. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

4- сабақ

1. Тақырып: Жүрек – қантамыр жүйесінің патологиясы бар науқастарды оңалтудың жалпы принциптері.

2. Мақсаты: Науқастың жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық қабілеттерін жақсарту, жүрек жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету және қан айналымын қалыпқа келтіру.

•3. Студент білуі тиіс:

- Жүрек-қантамыр жүйесінің патологиялары мен олардың түрлері.
- Оңалту принциптері.
- Оңалту шаралары мен әдістері.
- Жүрек-қантамыр ауруларының профилактикасы.

Студент істей білуі тиіс:

- Жүрек-қантамыр жүйесінің негізгі аурулары мен олардың симптомдарын, асқынуларын және емдеу әдістерін түсіну.
- Жүрек-қантамыр жүйесі аурулары бар науқастарды оңалтуда қолданылатын жалпы принциптерді, оның ішінде функционалды қалпына келтіру, психоэмоционалды қолдау және әлеуметтік бейімделуді білу.
- Жүрек-қантамыр аурулары бар науқастар үшін оңалту шараларын ұйымдастыруды, оның ішінде физикалық терапияны, дәрі-дәрмек терапиясын, психологиялық көмек көрсету әдістерін қолдануды меңгеру.
- Жүрек ауруларының алдын алу, асқынуларды болдырмау және емдеу кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтау.
- Жүрек-қантамыр аурулары бар науқастардың өмір сапасын жақсартуға арналған оңалту шараларын ұйымдастыру, оның ішінде диета, жаттығу, психоэмоционалды көмек және әлеуметтік қолдау.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Жүрек-қантамыр жүйесінің патологиясы дегеніміз не және оның түрлері қандай?
2. Жүрек-қантамыр аурулары бар науқастарды оңалтудағы негізгі принциптер қандай?
3. Жүрек-қантамыр ауруларының патофизиологиясы мен емдеу ерекшеліктері қандай?
4. Жүрек-қантамыр жүйесі аурулары бар науқастар үшін оңалту жоспары қалай құрылады?
5. Физикалық белсенділік және жаттығулар жүрек-қантамыр жүйесі аурулары бар науқастарға қалай әсер етеді?
6. Жүрек-қантамыр аурулары бар науқастарда психоэмоционалды қолдау қалай ұйымдастырылады?
7. Жүрек-қантамыр ауруларының алдын алу және қайта асқынудың болдырмау шаралары қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 11 беті

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. **Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.
7. **Оқыту және оқыту әдістері:**

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Жалпы тәртіпте науқасқа ... болады.
 - A. шектеусіз белсенді қозғалуға
 - B. бөлме ішінде жатуға, тұруға
 - C. төсектен көтермей науқасты бұру
 - D. науқасқа төсекте аунауға рұқсат етілмейді
 - E. аурухана аумағында серуендеу
2. Палаталық тәртіпте науқасқа ... болады.
 - A. бөлме ішінде жатуға, тұруға
 - B. төсектен көтермей науқасты бұру
 - C. шектеусіз белсенді қимылдатуға
 - D. науқасқа төсекте бұруға рұқсат етілмейді
 - E. аурухана аумағында серуендеу
3. Жасөспірімдермен жанұяны жоспарлау жұмыстарына...мәліметтер беру кірмейді.
 - A. дәрілердің технологиясына
 - B. ерте жыныстық қатынасқа түсу зиянкестігіне
 - C. жүктілік пайда болу қауіпіне
 - D. жүктілік нәтижелерінің ерекшеліктеріне
 - E. аборт нәтижелерінің ерекшеліктеріне
4. Жасөспірімдермен жанұяны жоспарлау бойынша жақсы жүргізілген жұмысының нәтижесі...әкелмейді.
 - A. ерте, қалаусыз жүктілікке
 - B. ана өлімі көрсеткішінің төмендеуіне
 - C. венерологиялық ауруларды алдын - алуына
 - D. жасанды түсіктерді алдын алуына
 - E. ЖИТС-ң алдын-алуына
5. Фельдшер- акушерлік бөлім...көмек көрсетеді.
 - A. ауыл тұрғандарына дәрігерге дейін
 - B. облыс пен қала аймақтарында мамандандырылған
 - C. жанұялық –некелік қатынастардың бұзылуы кезінде
 - D. емхана жағдайында жоғары дәрігерлік
 - E. мамандандырылған ауруханалық
6. Ауылдық дәрігерлік амбулатория деп...көмек көрсететін мекемені айтамыз.
 - A. біріншілік дәрігерлік
 - B. дәрігерге дейінгі
 - C. жанұялық –некелік қатынастардың бұзылуы кезінде
 - D. облыс пен қала аймақтарында мамандандырылған
 - E. әйел тұрғындарға мамандандырылған

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 12 беті

7. Акушер –гинекологтар...арасында емдік-алдын алу жұмысын жүргізбейді.
- терапиялық науқастар
 - жүктілер
 - босанушы әйелдер
 - босанған әйелдер
 - гинекологиялық науқастар
8. Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесі...ықпал жасайды.
- әйелдің репродуктивті денсаулығын сақтауға
 - өмір ұзақтығын қысқартуға
 - онкологиялық ауруларды жоғарлатуға
 - жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулардың таралуына
 - түсіктер санын жоғарлатуға
9. Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесінің қызметіне...жатпайды.
- дәрілер жасау технологиясын өндіру
 - жанұяны жоспарлау
 - жүктілерге емдік көмек көрсету
 - лабораторлық тексеру
 - медико- генетикалық тексерулер
10. Жыныстық дамудың кідіруі...деңгейі арасындағы бұзылыстан болады.
- гипоталамус-гипофиз-аналық без-жатыр
 - гипофиз-аналық без-жатыр-сүт безі
 - аналық без-жатыр
 - аналық без-бүйрек үсті безі
 - медико- генетикалық тексерулер

Ситуациялық мәселелер:

- 56 жастағы Қанат миокард инфарктісін алған. Операциядан кейін оның жағдайы тұрақталған, бірақ әлі де жүректің жұмысын қалыпқа келтіру үшін оналту шаралары қажет. Қанат өте қобалжулы, жүрегі тез ұрып, шаршағанын айтады. Ол тек аз уақыт қана жүреді, бірақ әрбір физикалық күш салғанда демі жетпей қалады. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
- 45 жастағы Айгүл гипертониядан зардап шегеді және оған жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары қосылған. Дәрі-дәрмекпен емделіп жүрсе де, оның қан қысымы тұрақсыз және өмір салтын өзгерту керек. Ол стресс көп сезінеді, үнемі шаршағанын айтады және жұмысқа қайта оралу үшін дайын емес. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
- 60 жастағы Талғат инсульт алғаннан кейін оң жақ қолы мен аяғында әлсіздік байқалады. Ол жүруге, ұстауға және басқа да қарапайым әрекеттерді орындауға қиындық көріп отыр. Оның психоэмоционалды жағдайы нашарлап, депрессияға түсуі мүмкін. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

5- сабақ

- Тақырып:** Орталық және шеткері жүйке жүйесінің патологиясы бар науқастардың реабилитациясының негізгі принциптері.
- Мақсаты:** Орталық және шеткері жүйке жүйесінің зақымдалған бөліктерін қалпына келтіру, науқастың денсаулығын жақсарту және өмір сапасын арттыру.
- Студент білуі тиіс:**
 - Орталық және шеткері жүйке жүйесінің патологиясын.
 - Жүйке жүйесінің патологиясы бар науқастарды реабилитациялау принциптерін.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 13 беті

- Жүйке жүйесінің жарақаттары мен ауруларының белгілерін анықтау.
- Функционалды қалпына келтіру әдістерін.
- Психологиялық қолдау көрсету әдістерін.
- Реабилитация кезінде қауіпсіздік шаралары.

Студент істей білуі тиіс:

- Орталық және шеткері жүйке жүйесінің патологиясы бар науқастардың функционалды жағдайын, қозғалыс қабілетін, сезімталдықты және психоэмоционалды жағдайын дұрыс бағалау.
- Жүйке жүйесі патологиясы бар науқас үшін жеке оңалту жоспарын әзірлеу, оның ішінде физикалық, психоэмоционалды және әлеуметтік қолдау шараларын енгізу.
- Науқастың жағдайына сай физиотерапия мен қозғалыс жаттығуларын тандап, олардың орындалуын қадағалау.
- Науқасқа психологиялық көмек көрсету, стрессті, депрессияны басқаруға арналған әдістерді қолдану.
- Науқаспен үнемі байланыста болу.
- Оңалту кезеңдерінде қауіпсіздік шараларын сақтау.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Орталық және шеткері жүйке жүйесінің патологиясы дегеніміз не?
2. Орталық және шеткері жүйке жүйесінің патологиясы бар науқастарды реабилитациялау принциптері қандай?
3. Жүйке жүйесінің зақымдану түрлерін қалай анықтауға болады?
4. Реабилитация кезінде қандай физикалық жаттығулар мен әдістер тиімді?
5. Әлеуметтік бейімделу және күнделікті өмірге қайта оралу үшін қандай шаралар қабылдануы қажет?
6. Реабилитация кезінде қауіпсіздік шараларын қалай қамтамасыз ету керек?
7. Жүйке жүйесінің патологиясы бар науқастар үшін қандай қосымша көмек түрлері қажет?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

- 1.Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
- 2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
- 3.ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
- 4.Ситуациялық есептерді шешу.
- 5.Тақырып бойынша тестерді шешу.

6.Әдебиеттер:Соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Тыныс алу органдарын объективті тексеруге...жатпайды.
 - A. іштің пальпациясы
 - B. қарау
 - C. перкуссия
 - D. аускультация
 - E. анамнезді жинау
2. Жоғарғы тыныс жолдарына мыналар жатады
 - A. мұрын, жұтқыншақ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 14 беті

- В. көмей
 С. трахея
 В. бронхтар
 Е. ол қалыптасады
3. Төменгі тыныс жолдарына мыналар жатады
 А. бронхиолалар, альвеолалар
 В. мұрын, жұтқыншақ
 С. көмей
 D. трахея
 Е. бронхтар
4. Спазмофилияның даму себебі...жатпайды.
 А. А дәрумені тапшылығы
 В. гипокальциемия
 С. алкалоз
 D. гиперфосфатемия
 Е. көктемгі күн
5. Жедел медициналық гимнастиканың арнайы жаттығуларына пневмония мыналарға жатпайды:
 А. кішкентай бұлшықет топтарына арналған жаттығулар
 В. тыныс алуды кешіктіретін тыныс алу жаттығулары
 С. толық тыныс алу
 D. кеуде және диафрагма қозғалғыштығын арттыруға арналған жаттығулар
 Е. дем шығаруға төзімділігі бар тыныс алу жаттығулары
6. Гемолитикалық анемияның себебі...жатпайды.
 А. тағамдағы темір тапшылығы
 В. вирустар
 С. иондаушы сәулелену
 D. дәрілік заттар
 Е. химиялық заттар
7. Витамин жеткіліксіздігі анемиядағы түс көрсеткіші болып табылады...тән.
 А. 1,1-1,3
 В. 0,9-1,0
 С. 0,5-0,8
 D. 0,8-1,0
 Е. 1,5-1,8
8. Дені сау баланың зәрінде цилиндрлер болуы мүмкін... .
 А. гиалин
 В. астық эритроциті
 С. дәнді лейкоциттер
 D. балауыз сияқты
 Е. эпителий
9. Құсу және құсу кезінде...дамымайды.
 А. стоматит
 В. фарингит
 С. трахеит
 D. бронхит
 Е. аспирациялық пневмония
10. Жүктіліктің 6-шы аптасында қан кетудің негізгі ағзасына мыналар жатады

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 15 беті

- A. бауыр
- B. көкбауыр
- C. сүйек кемігі
- D. лимфа бездері
- E. тимус безі

Ситуациялық есептер:

1. 68 жастағы Нұрсұлу Паркинсон ауруының бастапқы кезеңінде. Ол қозғалысының баяулағанын, тепе-теңдігінің бұзылғанын және қолдарында дірілдеу байқалғанын айтады. Сонымен қатар, ұйқының бұзылуы және психоэмоционалды тұрақсыздық байқалады. Оңалту шаралары арқылы оның өмір сапасын жақсартуға болады, бірақ ол көп күш салғысы келмейді. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
2. 42 жастағы Рахмангүл ұзақ уақыт бойы омыртқа жүйесінің ауырлығынан шеткері жүйке жүйесіне зақым келгенін сезеді. Нәтижесінде оның оң аяқтары мен қолында ұйып қалған сезім пайда болды, қозғалу кезінде ауырсыну байқалады. Науқас жұмысқа шығуға және белсенді өмір сүруге дайын емес. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
3. 59 жастағы Әлия инсульт алғаннан кейін оң жақ қолы мен аяғында әлсіздік байқалады. Сөйлеу қабілеті бұзылған, бірақ санасы толық сақталған. Ол өзінің жағдайынан көңілі қалуы мүмкін және оңалтуға көңілсіз қарауда. Дәрігерлер оның қалпына келуіне 6 айдан бір жылға дейін уақыт қажет деп отыр. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

6- сабақ

1. Тақырып: Зәр шығару жүйесі және бүйректің патологиясы бар науқастардың реабилитациясының негізгі принциптері.

2. Мақсаты: Зәр шығару жүйесі мен бүйрек патологиясы бар науқастардың зәр шығару функциясын қалыпқа келтіру және олардың денсаулығын жақсарту.

Студент білуі тиіс:

- Зәр шығару жүйесі мен бүйректің патологияларын.
- Зәр шығару жүйесі мен бүйрек патологиясы бар науқастардың оңалту принциптерін.
- Қабыну және инфекциялардың алдын алу шараларын.
- Физикалық реабилитация және жаттығуларды.

Студент істей білуі тиіс:

- Науқастың жағдайын бағалау
- Су-тұз балансын бақылау.
- Диета мен тамақтануды бақылау.
- Бүйрек және зәр шығару жүйесінің патологиясы бар науқастар үшін физиотерапевтік әдістерді ұйымдастыру, қозғалыс жаттығуларын жасау.
- Науқастарға психологиялық көмек көрсету, олардың ауруға қатысты күйзелісін жеңілдету үшін қолдау мен мотивация беру.

4. Негізгі сұрақтар:

1. Зәр шығару жүйесінің құрылымы мен функциялары қандай?
2. Бүйрек қандай қызмет атқарады және оның құрылымдық ерекшеліктері қандай?
3. Зәрдің түзілу процесі қалай жүреді?
4. Зәр шығару жүйесінің негізгі аурулары қандай (гломерулонефрит, пиелонефрит, цистит, уретрит және т.б.)?
5. Зәр шығару жүйесінің патологияларында қандай негізгі белгілер байқалады?
6. Бүйрек жеткіліксіздігінің түрлері мен оның белгілері қандай?

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		№72/11 () 32 беттің 16 беті

7. Зәр шығару жүйесінің аурулары кезінде диагностика әдістері қандай?
8. Зәр шығару жүйесі ауруларының асқинуларын алдын алу үшін қандай шаралар қолдануға болады?
9. Бүйрек трансплантациясы мен гемодиализ қандай жағдайда қолданылады?
10. Зәр шығару жүйесінің патологияларында оңалту шаралары мен мейіргерлік күтімнің рөлі қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

7. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Жоғарғы тыныс жолдарына... жатады.
 - A. мұрын, жұтқыншақ
 - B. көмей
 - C. трахея
 - D. бронхтар
 - E. альвеолалар
2. Төменгі тыныс жолдарына... жатады.
 - A. бронхиола, альвеолалар
 - B. мұрын, жұтқыншақ
 - C. көмей
 - D. трахея
 - E. бронхтар
3. Спазмофилияның дамуының себебіне... жатпайды.
 - A. А витаминнің жетіспеушілігі
 - B. гипокальцемия
 - C. алкалоз
 - D. гиперфосфатемия
 - E. көктемгі күн
4. Жіті пневмонияның жалпыға бірдей жіктелуінде... қаралмаған.
 - A. түбіртектік
 - B. сегментарлы
 - C. крупозды
 - D. ошақтық
 - E. Интерстициальды
5. Гемолитикалық анемияның себебіне... жатпайды.
 - A. тамақта темірдің жетіспеушілігі
 - B. вирустар
 - C. иондаушы радиация

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 17 беті

- D. дәрілік заттар
 E. химиялық заттар
6. Темір жетіспеушілік анемияда түсті көрсеткіш...тән.
 A. 0,8-0,6 (гипохромды)
 B. 1,2 (гиперхромды)
 C. 1,0(нормохромды)
 D. 0,8-1,0
 E. 1,0-1,2
7. Дәрумен жетіспеушілік анемияда түсті көрсеткіш...тән.
 A. 1,1-1,3
 B. 0,9-1,0
 C. 0,5-0,8
 D. 0,8-1,0
 E. 1,5-1,8
8. Дені сау баланың зәрінде цилиндрлер кездесуі мүмкін... .
 A. гиалинді
 B. дәнді эритроцитарлы
 C. дәнді лейкоцитарлы
 D. балауыз тәрізді
 E. эпителиальды
9. Құсу мен лоқсу кезінде...дамымайды.
 A. стоматит
 B. фарингит
 C. трахеит
 D. бронхит
 E. аспирациялық пневмония
10. Гестацияның 6-шы аптасында қантүзудің негізгі ағзасына...жатады.
 A. бауыр
 B. көкбауыр
 C. сүйек кемігі
 D. лимфа бездер
 E. айырша без

Ситуациялық мәселелер:

- 55 жастағы Ербол бүйрек жеткіліксіздігі диагнозымен ауруханаға жатқызылды. Ол ұзақ уақыт гипертензия мен қант диабетінен зардап шеккен. Енді оның зәр шығару мөлшері азайған, қан анализдерінде креатинин деңгейі жоғары, ісіну байқалады. Қазіргі уақытта ол гемодиализ алуда. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
- 48 жастағы Айнұр бүйректің поликистозды ауруымен ауырады. Ол бірнеше рет бүйрек инфекциялары мен ауырсынуды сезінген. Оның жалпы жағдайы тұрақсыз, зәр шығару кезінде ауырсыну байқалады. Ол дәрігердің тағайындауы бойынша антибиотиктер қабылдауда. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.
- 70 жастағы Әминаның зәр шығару жолдарының инфекциясы бар. Ол бірнеше күн бойы зәр шығару кезінде ауырсынуды сезініп, температурасы көтерілген. Зәрде қан мен лейкоциттер табылған. Әминаның жалпы жағдайы нашар, ол жоғары қысым мен қант диабетіне байланысты қауіп топтарына кіреді. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 18 беті

7- сабақ

1. Тақырып: Акушерлік-гинекологиялық науқастарға оңалту жүйесін ұйымдастыру.

2. Мақсаты: Акушерлік және гинекологиялық аурулардан кейінгі әйелдердің психологиялық жағдайын жақсарту, күйзеліс пен депрессияның алдын алу.

3. Студент білуі тиіс:

- Акушерлік және гинекологиялық патологияларды.
- Оңалту жүйесінің принциптерін.
- Физиологиялық және психологиялық өзгерістерді.
- Әлеуметтік және кәсіби бейімделу.
- Қалпына келтіру жоспары.

Студент істей білуі тиіс:

- Акушерлік және гинекологиялық аурулардың түрлері, олардың себебі мен даму механизмдері (мысалы, кесар тілігі, түсік, эндометриоз, миома және т.б.).
- Оңалту процесінің негізгі принциптері, оның ішінде физикалық, психоэмоционалды және әлеуметтік аспектілерді қалпына келтіру.
- Акушерлік-гинекологиялық операциялардан кейінгі әйелдердің физиологиялық және психологиялық өзгерістері мен олардың оңалтудағы рөлі.
- Әйелдердің отбасына, қоғамға және кәсіби өмірге оралуына қолдау көрсету.
- Акушерлік-гинекологиялық науқастардың оңалту жоспарын құру және оны жүзеге асыру процесі.

4. Негізгі сұрақтар:

1. Акушерлік және гинекологиялық патологиялар қандай түрлерден тұрады және олардың ерекшеліктері қандай?
2. Акушерлік және гинекологиялық науқастар үшін оңалту жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптері қандай?
3. Акушерлік-гинекологиялық науқастардың оңалту процесінде қандай физикалық және психоэмоционалды өзгерістер орын алады?
4. Акушерлік және гинекологиялық патологиясы бар науқастар үшін оңалту барысында қолданылатын әдістер мен техникалар қандай?
5. Оңалту кезінде инфекциялардың алдын алу шаралары қалай жүзеге асырылады?
6. Психоэмоционалды қолдау көрсетудің маңызы қандай және оны қалай ұйымдастыру керек?
7. Акушерлік-гинекологиялық науқастардың әлеуметтік және кәсіби бейімделуін қолдау шаралары қалай жүзеге асырылады?
8. Оңалту процесінде пациенттің денсаулығын бақылау және бағалау әдістері қандай?
9. Оңалту жоспарларын құру және оны жүзеге асырудың негізгі кезеңдері қандай?
10. Акушерлік және гинекологиялық науқастар үшін оңалту процесінде жеке күтім мен гигиена қалай ұйымдастырылуы керек?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		№72/11 () 32 беттің 19 беті

6.Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1.Емшек сүтінде...болмайды.

- A. аллергендер
- B. гормондар
- C. биологиялық белсенді заттар
- D. ағза мен жүйенің даму стимуляторы
- E. мәліметті реттеуіш комплексі

2.Баланың қуаттылығын жоғалту...байланысты емес.

- A. ұйқымен
- B. тамақтанумен
- C. физикалық белсенділікпен
- D. аурумен
- E. бойының өсуімен

3.БДСҰ бойынша табиғи тамақтандырудың...принципі бар.

- A. 10
- B. 5
- C. 8
- D. 7
- E. 4

4.«Терілік жанасу » бұл...тамақтандыру әдісі.

- A. табиғи
- B. жартылай табиғи
- C. жасанды
- D. аралас
- E. жартылай аралас

5.Шала туылған баланы тамақтандыру санын...анықтамайды.


- A. зәр анализінің қорытындысымен
- B. жалпы жағдайымен
- C. морфологиясының дамуымен
- D. функцияның дамуымен
- E. дене салмағымен

6.Дене салмағы 1,5 нан 2 кг аралығында шала туылған баланы...арқылы тамақтандыру қолданылады.

- A. бөтелке
- B. зонд
- C. емшек
- D. парентеральды
- E. шай қасық

7.Шала туылған дене салмағы 1,5 кг төмен баланы...арқылы тамақтандырады.

- A. зонд
- B. бұғана астылық катетор
- C. емізік
- D. қантамыр

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	№72/11 () 32 беттің 20 беті

- Е. емшек беру
- 8.Апгар кестесі бойынша...анықтайды.
- А. туылған кездегі баланың жағдайын
- В. шала туылудың дәрежесін
- С. даму дәрежесін
- Д. гестациялық жасты
- Е. жетілудің белгілерін
- 9.Орта есеппен жетіліп туылған нәрестенің бойы...см.
- А. 46-56
- В. 40-42
- С. 42-45
- Д. 38-40
- Е. 48-49
- 10.Нәрестелерде физиологиялық сарғаю...байқалады.
- А. өмірінің 2-3-ші күнінде
- В. өмірінің 1-ші тәулігінде
- С. өмірінің алғашқы сағатында
- Д. өмірінің 10- ші тәулігінде
- Е. кезеңнің соңында

Ситуациялық мәселелер:

- 35 жастағы Гүлнар кесар тілігі арқылы босанғаннан кейін 4 күннен кейін ауруханада жатыр. Оның жарасы жақсы жазылып келеді, бірақ ол әлі де ауырсынуды сезінеді. Психологиялық тұрғыдан күйзелісте, ана болудың қиындықтары мен босану кезеңінің ауыртпалықтары туралы ойлайды. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
- 40 жастағы Айгүлдің жатыр миомасын алып тастау үшін ота жасалды. Операция сәтті өткенмен, ол бірнеше күн бойы белсенді қозғала алмайды және физикалық әлсіздік сезінеді. Оның психоэмоционалды жағдайы да өзгерген, ол қатты алаңдаулы және депрессияға ұшыраған. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
- 28 жастағы Салтанат еріксіз түсік жасатқаннан кейін емханаға келді. Оның денсаулығы жақсы, бірақ психологиялық тұрғыдан күйзеліс және депрессия байқалады. Ол өзінен кінәлі сезініп, болашақта бала туу мүмкіндігі туралы алаңдаушылық танытады. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

8- сабақ

1.Тақырып: Хирургиялық және травматологиялық саладағы науқастарды реабилитациясының негізгі принциптері.

2.Мақсаты: Хирургиялық және травматологиялық операциялардан немесе жарақаттардан кейін науқастың физикалық функцияларын қайта қалпына келтіру, қозғалыс белсенділігін арттыру.

3. Студент білуі тиіс:

- Хирургиялық және травматологиялық аурулар мен жарақаттардың түрлері, олардың даму себептері мен механизмдері
- Жарақаттан кейін немесе операциядан кейін науқастың қозғалыс белсенділігін арттыру үшін қолданылатын әдістер мен жаттығулар.
- Оңалту барысында ауырсынуды бақылау мен басқару әдістері, дәрілік және дәрі емес терапия тәсілдері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 21 беті

- Оңалту кезінде инфекциялардың алдын алу үшін жараның күтімі, антисептика, стерильділік шараларын білу.
- Науқастардың кәсіби және әлеуметтік өмірге қайта оралуын қолдау, реабилитациялық кезеңде әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету.

Студент істей білуі тиіс:

- Пациенттің жағдайын бағалау.
- Пациентке қажет физикалық жаттығулар мен терапевтік шараларды дұрыс таңдау, науқастың қозғалыс белсенділігін арттыру үшін тиімді жаттығуларды өткізу.
- Ауырсынуды бағалау және оны басқару үшін медициналық шараларды қолдану, ауырсынусыз оңалту процесін қамтамасыз ету.
- Жаралардың жағдайын бақылау, инфекциялардың алдын алу үшін стерильділік талаптарын сақтау және антисептикалық шараларды дұрыс қолдану.
- Науқасқа әлеуметтік өмірге оралу үшін қажетті ақпарат беру, оның отбасына, жұмысқа және қоғамға бейімделуіне көмек көрсету.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Хирургиялық және травматологиялық патологиялар қандай түрлерден тұрады, және олардың реабилитация процесіне әсері қандай?
2. Оңалту процесінің негізгі принциптері қандай?
3. Хирургиялық және травматологиялық науқастардың физикалық жағдайын бағалау қалай жүргізіледі?
4. Қалпына келтіру кезеңінде пациенттерге қандай физиотерапевтік әдістер қолданылуы тиіс?
5. Ауырсынуды басқарудың негізгі әдістері мен тәсілдері қандай?
6. Инфекциялардың алдын алу үшін қандай шаралар қабылдануы қажет?
7. Психоэмоционалды қолдаудың маңызы қандай және оны қалай жүзеге асыру керек?
8. Хирургиялық және травматологиялық науқастардың әлеуметтік және кәсіби бейімделуін қалай қолдау қажет?
9. Реабилитация жоспарын құрудың негізгі кезеңдері мен талаптары қандай?
10. Оңалту барысында пациенттердің денсаулығын бақылау және бағалау әдістері қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

- 1.Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып, тақырыпты талдау.
- 2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
- 3.ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
- 4.Ситуациялық есептерді шешу.
- 5.Тақырып бойынша тестерді шешу.

6.Әдебиеттер:Соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Науқас тәулігіне 450 мл зәр шығарды бұл –
- A. олигурия
 B. полиурия
 C. анурия
 D. никтурия

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 () 32 беттің 22 беті
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	

- Е. Ишурия
2. Эритроциттің зәрде болуы, бұл –
- А. гематурия
 В. анурия
 С. пиурия
 D. глюкозурия
 Е. Протеинурия
3. Зәрмен белоктың бөлінуі, бұл –
- А. протеинурия
 В. пиурия
 С. гематурия
 D. цилиндрурия
 Е. Оксалатурия
4. Науқас несепардың бойымен шатқа берілетін бел аймағындағы ауырсыну ұстамасына шағымданады. Бұл ауырсыну ... деп аталады.
- А. бүйрек ұстамасы
 В. ішек түйілуі
 С. өт ұстамасы
 D. бауыр ұстамасы
 Е. пиеолонефрит
5. Науқас 52 жаста, төс астының қысып ауруына шағымданады. Кенет есін жоғалтып, тынысы тарылып, қорылдай бастады. Ұйқы артериясында пульс анықталмайды. Реанимациялық шаралар жүргізу мақсатында бірінші кезектегі тәсіл- бұл...
- А. жүректің жабық массажы
 В. өкпені жасанды желдендіру
 С. көктамырға 10 мг атропинді енгізу
 D. көктамырға 100 мг лидокаинді енгізу
 Е. көктамырға 100 мг новокаин енгізу
6. Бүйректің функционалды жағдайын бағалау керек. Бұл жағдайда зәр жинаудың ... қолданылады.
- А. Зимницкий әдісі
 В. жалпы зәр анализі
 С. Нечипоренко әдісі
 D. Аддис-Каковский әдісі
 Е. Бактериологиялық
7. Науқаста патологиялық ұйқы, ес түссіз бұл ес түсінің жағдайының ... түрі.
- А. сопор
 В. ступор
 С. айқын
 D. айқын емес
 Е. кома
8. Дисфагия деп ... айтамыз .
- А. жұтынудың бұзылуын
 В. дәм сезбеуді
 С. иіс сезудің төмендеуін
 D. жас ағуды
 Е. сілекей ағуды
9. № 7 Емдәмдік мәзір тағайындалады ...

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 23 беті

- A. зәр шығару жүйесінің ауруларында
 - B. жүрек қан тамыр жүйесі ауруларында
 - C. аскорыту жүйесі ауруларында
 - D. қант диабетінде
 - E. өт және бауыр ауруларында
10. Науқасты Симс қалпына келтіруге ... жатады.
- A. ішпен емес және жанымен емес, аралық қалыпта орналастыру
 - B. төсекте арқасын тік отырғызып орналастыру
 - C. науқасты оң бүйірімен орналастыру
 - D. ішімен жатқызу
 - E. бас жағы көтерілген қалыпта орналастыру

Ситуациялық мәселелер:

1. 28 жастағы Жанна сол аяғын ұзақ уақытқа сындырғаннан кейін ота жасалды. Ол қазір гипсте жатқан, бір аптадан кейін хирургиялық жарақаттың жазылуы жақсы. Бірақ ол аяғының толық қозғалмауынан және ауырсынудан қауіптеніп, психоэмоционалды күйзеліске ұшырады. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
2. 45 жастағы Айдос жол-көлік оқиғасынан кейін жамбас сүйегі мен бірнеше қабырғасын сындырды. Отадан кейін ол тұрақты медициналық бақылауда, бірақ ауырсынуды сезіп, қозғалысын шектейді. Ол әлеуметтік және кәсіби өміріне оралуға алаңдаулы. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
3. 58 жастағы Кенжебек жүрек аневризмасы бойынша ота жасатқан. Операциядан кейін оның жүрек қызметі тұрақтала бастады, бірақ науқас физикалық әлсіздікті сезініп, өз-өзін күте алмайтын жағдайға ұшырады. Сонымен қатар, ол күйзелісте болып, өз өміріне қатысты алаңдаушылықтарын білдіруде. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

9- сабақ

1. Тақырып: Қимыл – қозғалысы шектелген науқастарды реабилитациясының негізгі принциптері.

2. Мақсаты: Қимыл-қозғалысы шектелген науқастардың қозғалыс қабілетін жақсарту, дене жаттығулары мен физиотерапия арқылы бұлшықеттердің күшін қалпына келтіру.

3. Студент білуі тиіс:

- Қимыл-қозғалыстың шектелу себептерін.
- Қозғалыс белсенділігінің маңызын.
- Реабилитация әдістерін.
- Ауырсынуды басқару тәсілдерін.
- Қимыл-қозғалыс шектелген науқастардың реабилитациясын бақылау.

Студент істей білуі тиіс:

- Қимыл-қозғалыстың шектеулері мен оларды туындататын патологиялар (жарақаттар, жүйке жүйесінің аурулары, тірек-қимыл аппаратының аурулары және т.б.).
- Қозғалыс белсенділігінің физикалық және психоэмоционалды денсаулыққа әсері, оның қалпына келтірілуі қажеттілігі.
- Қимыл-қозғалыс шектелген науқастар үшін қолданылатын физиотерапия, массаж, дене жаттығулары, механотерапия, функционалды жаттығулар және олардың тиімділігі.
- Қимыл-қозғалысы шектелген науқастарда ауырсынуды басқарудың негізгі әдістері, соның ішінде дәрілік және дәрі емес тәсілдер.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 24 беті

- Оңалту барысындағы науқастың жағдайын бақылап, оның денсаулық жағдайын, психоэмоционалды жағдайын бағалап, қажетті түзетулер енгізу.

4. Негізгі сұрақтар:

1. Қимыл-қозғалыстың шектелуіне қандай себептер әсер етеді және олардың науқастың өмір сапасына әсері қандай?
2. Қимыл-қозғалысының шектелген науқастар үшін қандай реабилитациялық әдістер қолданылады?
3. Қозғалыс белсенділігін арттыру үшін физиотерапия мен дене жаттығуларын қалай ұйымдастыру керек?
4. Ауырсынуды басқарудың негізгі тәсілдері мен әдістері қандай?
5. Қимыл-қозғалысы шектелген науқастарда психоэмоционалды жағдайды қалай қолдауға болады?
6. Реабилитация кезінде әлеуметтік бейімделуді қалай қамтамасыз ету керек?
7. Қимыл-қозғалыс шектеулері бар науқастар үшін оңалту жоспарын қалай құру қажет?
8. Қимыл-қозғалысы шектелген науқастардың күнделікті өмірдегі тәуелсіздігін қалай қалпына келтіруге болады?
9. Қимыл-қозғалысы шектелген науқастардың реабилитациясын бақылау мен бағалау әдістері қандай?
10. Қимыл-қозғалысы шектелген науқастың реабилитация процесін қалай үйлестіру керек?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

7. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.) ұсыныстар.

Тесттер:


1. Тері жабындысының транзиторлы өзгерісіне... жатпайды.
 - A. монголоидты дақ
 - B. физиологиялық қатар
 - C. токсикалық эритема
 - D. физиологиялық сарғаю
 - E. физиологиялық қабыршақтану
2. Аппар кестесі бойынша өте ауыр жағдайға ... сәйкес келеді.
 - A. 0-3 балл
 - B. 8-10 балл
 - C. 7-8 балл
 - D. 5-6 балл
 - E. 4-5 балл
3. Естің бұзылуына... жатпайды.
 - A. ақылы кемдік
 - B. сопор
 - C. ступор

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 25 беті

- D. кома
 E. сомналеттілік
4. Пациенттің қан қысымының өлшеу алдында анықталады:
- A. өлшеудің алдында қою шәй, кофе ішкендігі
 B. өлшеудің алдында таза ауада серуендеуі
 C. өлшеудің алдында тамақтануы
 D. өлшеудің алдында ұйқыдан оянуы
 E. құлаққа тамшы дәрі тамызғаны
5. Гипертониялық криз кезінде дәрігерге дейінгі көмекке ... жатпайды.
- A. қан алу
 B. қолға ыстық ванна
 C. аяққа ыстық жылытқыш
 D. жатрылай отырған қалып
 E. қыша қағаздарын мойынға, балтырға қою
6. Бауыр және өт жолдары ауруларында ... тағамдарды шектеу қажет
- A. қуырылған, майлы тамақтар
 B. ұн тағамдарын
 C. тәтті тағамдар
 D. тұзды тағамдар
 E. кез – келген тағам
7. Егер құсық тыныс жолдарына түссе ... дамиды.
- A. аспирация
 B. ентігу
 C. құсу
 D. тахикардия
 E. апноэ
8. Бронх демікпесі белгілері:
- A. тыныс шығару қиын, ысқырықты құрғақ сырылдар
 B. жөтел тот басқан түсті қақырықпен
 C. таңқұрай желесі тәрізді қақырық
 D. тыныс алу қиындаған
 E. демікпе, апноэ
9. Дизурия бұл –
- A. зәр шығару қызметінің бұзылуы
 B. зәр бөлінуінің бұзылуы
 C. зәр бөлінуі
 D. зәр шығару жолдарының қабынуы
 E. физиологиялық зәр шығару
10. Ишурия дегеніміз
- A. зәр шығарудың қиындауы
 B. зәр шығарудың жиілеуі
 C. зәрде қанның болуы
 D. зәрдің өздігінен шықпауы
 E. зәрде ақуыздың болуы

Ситуациялық есептер:

1. 50 жастағы Айгүл бірнеше апта бұрын көлік апатына ұшырап, арқасын жарақаттап, омыртқасының сынуына байланысты операция жасалған. Қазіргі уақытта Айгүлдің қозғалыс белсенділігі өте шектеулі, ол тек жатуға немесе аз қозғалыстар жасауға қабілетті.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 26 беті

Ол ұзақ уақытқа төсекке таңылған, өз бетінше жүру немесе тұруға мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, Айгүлдің психоэмоционалды жағдайы да нашарлап, күйзеліс белгілері пайда болуда. Ауруханадағы оңалту кезеңі басталды. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

2. 65 жастағы Қайрат жүрек операциясынан кейін төсекте ұзақ жатты. Операциядан кейін ол әлсіз болып, жеңіл қозғалыстар жасауда да қиындықтар туындайды. Қазіргі уақытта оның жүрек қызметі тұрақты, бірақ физикалық белсенділігі өте төмен. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

3. 55 жастағы Данияр жамбас сүйегінің сынуы нәтижесінде ұзақ уақытқа төсекте жатуға мәжбүр болды. Операциядан кейін ол өз бетінше жүре алмайды және күнделікті өмірлік әрекеттерде қиындықтар туындайды. Оның бұлшықеттері әлсіреген, бірақ жамбас сүйегі біраз жазылды. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

10- сабақ

1. Тақырып: Тыныс алу жүйесінде патологиясы бар науқастардың реабилитациясының негізгі принциптері.

2. Мақсаты: Тыныс алу бұлшықеттерінің жұмысын жақсарту, тыныс алу тереңдігі мен тиімділігін арттыру.

3. Студент білуі тиіс:

- Тыныс алу жүйесінің құрылымы мен функциясын.
- Тыныс алу жүйесінің патологияларын.
- Тыныс алу жаттығуларын.
- Өкпені тазарту әдістерін.
- Физикалық реабилитация әдістерін.

Студент істей білуі тиіс:

- Тыныс алу жүйесінің негізгі құрылымдары (өкпе, тыныс алу жолдары, диафрагма) және олардың физиологиялық рөлі.
- Тыныс алу жолдарының аурулары (астма, пневмония, ХОБЛ, өкпе эмфиземасы және т.б.) мен олардың белгілері.
- Тыныс алу жаттығуларының түрлері, олардың мақсаттары мен тәсілдері (диафрагмалық тыныс алу, тыныс алу гимнастикасы).
- Қақырықты шығару үшін қолданылатын әдістер, оның ішінде постуральды дренаж, перкуссия, ингаляция терапиясы.
- Тыныс алу жүйесі аурулары бар науқастардың физикалық белсенділігін арттыруға арналған жаттығулар мен физиотерапия әдістері.

4. Негізгі сұрақтар:

1. Тыныс алу жүйесінің құрылымы мен функциясы қандай?
2. Тыныс алу жүйесі ауруларының негізгі белгілері мен патологиялық процестері қандай?
3. Тыныс алу жаттығуларының қандай түрлері бар және олардың реабилитациядағы маңызы қандай?
4. Өкпені тазартуға арналған әдістер мен техникаларды қалай қолдануға болады?
5. Тыныс алу жүйесінің патологиялары бар науқастарға қандай физикалық жаттығулар ұсынылады?
6. Тыныс алу жолдарының аурулары кезінде психоэмоционалды қолдау көрсету тәсілдері қандай?
7. Қақырықтың шығуын жеңілдету үшін қандай реабилитациялық шаралар қолданылады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 27 беті

8. Тыныс алу жүйесі патологиялары бар науқастар үшін арнайы күтім мен бақылаудың қандай ерекшеліктері бар?
9. Тыныс алу жүйесіндегі асқынуларды алдын алу үшін қандай алдын алу шаралары қажет?
10. Тыныс алу жүйесінің патологиясы бар науқастардың реабилитациясы барысында дәрі-дәрмектік және дәрі емес әдістердің үйлесімі қалай жүзеге асырылады?

Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды қолдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мультимедиялық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.) ұсыныстар.

Тесттер:

1. Тері жабындысының транзиторлы өзгерісіне... жатпайды.

- A. монголоидты дақ
- B. физиологиялық қатар
- C. токсикалық эритема
- D. физиологиялық сарғаю
- E. физиологиялық қабыршақтану

2. Аппар кестесі бойынша өте ауыр жағдайға ... сәйкес келеді.

- A. 0-3 балл
- B. 8-10 балл
- C. 7-8 балл
- D. 5-6 балл
- E. 4-5 балл

3. Естің бұзылуына... жатпайды.


- A. ақылы кемдік
- B. сопор
- C. ступор
- D. кома
- E. сомналеттілік

4. Пациенттің қан қысымының өлшеу алдында анықталады:

- A. өлшеудің алдында қою шәй, кофе ішкендігі
- B. өлшеудің алдында таза ауада серуендеуі
- C. өлшеудің алдында тамақтануы
- D. өлшеудің алдында ұйқыдан оянуы
- E. құлаққа тамшы дәрі тамызғаны

5. Гипертониялық криз кезінде дәрігерге дейінгі көмекке ... жатпайды.

- A. қан алу
- B. қолға ыстық ванна
- C. аяққа ыстық жылытқыш
- D. жатрылай отырған қалып

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 28 беті

- Е. қыша қағаздарын мойынға, балтырға қою
- 6.Бауыр және өт жолдары ауруларында ... тағамдарды шектеу қажет
- А. қуырылған, майлы тамақтар
- В. ұн тағамдарын
- С. тәтті тағамдар
- Д. тұзды тағамдар
- Е. кез – келген тағам
- 7.Егер құсық тыныс жолдарына түссе ... дамиды.
- А. аспирация
- В. ентігу
- С. құсу
- Д. тахикардия
- Е. апноэ
- 8.Бронх демікпесі белгілері:
- А. тыныс шығару қиын, ысқырықты құрғақ сырылдар
- В. жөтел тот басқан түсті қақырықпен
- С. таңқұрай желесі тәрізді қақырық
- Д. тыныс алу қиындаған
- Е. демікпе, апноэ
- 9.Дизурия бұл –
- А. зәр шығару қызметінің бұзылуы
- В. зәр бөлінуінің бұзылуы
- С. зәр бөлінуі
- Д. зәр шығару жолдарының қабынуы
- Е. физиологиялық зәр шығару
- 10.Ишурия дегеніміз
- А. зәр шығарудың қиындауы
- В. зәр шығарудың жиілеуі
- С. зәрде қанның болуы
- Д. зәрдің өздігінен шықпауы
- Е. зәрде ақуыздың болуы

Ситуациялық есептер:

1. 62 жастағы Салтанат ХОӨА диагнозымен көп жылдан бері ем алып келеді. Оның тыныс алуы қысылған, үнемі жөтеліп, қақырық бөлінеді. Бүгінгі таңда оның физикалық белсенділігі төмен, жүруде қиындықтар туындайды. Қанындағы оттегі деңгейі төмендейді, тыныс алу жиілігі жоғарылайды. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
- 2.40 жастағы Мұрат пневмониямен ауырып, бір ай ауруханада емделген. Қазіргі уақытта ол ентігу мен шаршаудан арыла алмай жүр. Өкпеді әлі де жеңіл қабыну процесі сақталады, бірақ науқас үй жағдайында оңалту шараларын қабылдауға дайын. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.
- 3.68 жастағы Әли жүрек-өкпе жеткіліксіздігімен емделіп жатыр. Оның жүрек соғысы жиі, ентігу мен шаршаудан зардап шегеді. Физикалық белсенділігі төмен, бірақ жүрек және тыныс алу жүйесі қалыпқа келтірілген соң оңалту басталуы қажет. Сіздің әс-әрекетіңіз қандай.

8.Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер

1. Мейірбикелік дағдылар оқулық / А. Қаныбеков – Алматы : Эверо, 2016. – 476 б. с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		32 беттің 29 беті

2. Тұрланов, Қ. М. Жедел медициналық жәрдем/ Қ. М. Тұрланов, С. А. Қалқабаева. – 2-ші бас., толықт. және өнд. - Алматы : Эверо, 2014. – 444 с.
3. Красильникова, И. М. Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек: оқу құралы / И. М. Красильникова, Е. Г. Моисеева ; жауапты ред. А. Н. Саржанова ; қазақ тіліне ауд. Г. Ж. Сағындықова. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 208 бет
4. Жедел медициналық жәрдем оқулық / Қ. М. Тұрланов ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ; ҚазҰМУ-нің 80 жылдығына арналады. – 2-бас., толықт. және өнд. – Алматы : Эверо, 2010. – 44 бет.
5. Алпысова, А. Р. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел көмек көрсету алгоритмдері = Алгоритмы оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе : оқу құралы. – Караганда : АҚНҰР, 2015. – 120 б. с.
6. Вялов, С. С. Общая врачебная практика: неотложная медицинская помощь: учебное пособие / С. С. Вялов. – 6-е изд. ; Рек. Учебно-методическим объединением по мед. и фармацевтическому образованию вузов России. – М. : Медпресс-информ, 2014. – 112 с.

Қосымша әдебиеттер.

1. Повышение качества медицинской помощи и безопасности пациентов в медицинских организациях : наглядное руководство / пер. с англ. Г. Э. Улумбековой ; под ред. С. С. Панисар. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 160 с.
2. Алпысова, А. Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи : учебно-методическое пособие / А. Р. Алпысова. – Караганда : АҚНҰР, 2016. – 176 с.
3. Қатерлі жағдайлар кезіндегі шұғыл әрекеттер] = Неотложные состояния при несчастных случаях = Emergency states in the case of accident : оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова Алматы : Эверо, 2015. – 168 б- 95 экз.
4. Алпысова, А. Р. Жедел жәрдем дәрігерінің тәжірибесіндегі төтенше жағдайлар: оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова; ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ҚММУ. – Караганды: АҚНҰР, 2016. – 178 б. с.
5. Қарқынды емдеу бөлімшесінің мейіргері: практикалық нұсқаулық / Ред. В. Л. Кассиль., қаз. тіліне ауд. У. Е. Ибраев. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 312 бет ил.
6. Скорая медицинская помощь: национальное руководство / Российское общество скорой медицинской помощи; под ред. С. Ф. Багненко и др. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 888 с. : ил.

9. Интернет-ресурс: Утепов, Д. П. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті басқаруды іске асыру [Электронный ресурс] : дис. ... магистр акад. дәрежесін алу / Д. П. Утепов. – Электрон. текстовые дан. (702Мб). – Шымкент : ОҚМФА, 2015. – 64бет с.

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық</p>		<p>32 беттің 30 беті</p>

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық</p>		<p>32 беттің 31 беті</p>

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық</p>		<p>32 беттің 32 беті</p>